



**Central Asian
Scientific
Journal**

**VOL 1(16)
2023**



ASTANA

Электронный научный журнал «Central Asian Scientific Journal»

Central Asian Scientific Journal

выпуск №1(16), январь – март 2023 г.
Основан в 2021 году (издается ежеквартально)

зарегистрирован в Комитете информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан №KZ40VPY00067791 от 07.04.2023 г.

Тақырыптық бағыт:

- Pedagogikalyq, qoǵamdyq-áleýmettik, tehnikalyq, ekonomikalyq jáne zań ǵylymdary
- Aqparattyq-komúnikasıalyq tehnologıalar
- Teorıalyq jáne ǵylymı-praktıkalyq ǵylymı zertteýler

Тематическая направленность:

- Педагогические, общественно-социальные, технические, экономические и юридические науки
- Информационно-коммуникационные технологии
- Теоретические и научно-практические научные исследования

Thematic focus:

- Pedagogical, socio-political, technical, economic, and legal sciences
- Information and communication technologies
- Theoretical and scientific-practical research

Jarıalanatyn aqparattyń, dáıeksózderdiń jáne ózge de baıandamalaryń durıstyǵy úshin avtor jaýapty bolady

За достоверность публикуемой информации, цитат и иных изложений ответственность несет автор

The author is responsible for the accuracy of the published information, quotes, and other statements.



"Central Asian Scientific
Journal" elektronдық ғылыми
журналы ақпараттық агенттігі

Информационное агентство
Электронный научный журнал
«Central Asian Scientific
Journal»

Information Agency
Electronic scientific Journal
"Central Asian Scientific
Journal"

№1 (16), 2023 j
Shyǵarý jiligi – jylyna 4 nómir
2021 j. bastap shyǵady

№1 (16), 2023 г.
Периодичность – 4 номера в год
Выходит с 2021 года

No. 1 (16), 2023
Periodicity: 4 issues per year
Since 2021

Bas redaktor:
Baidildinov T. J. – p. ǵ. k.,
professor

Главный редактор:
Байдильдинов Т.Ж. – к.п.н.,
профессор

Editor-in-Chief:
Baidildinov T.Zh. – Ph.D.,
Professor

Redaksiyalıq alqa:
Latypov R.H. – t. ǵ. d., prof.,
Qazan, Resei
Radwan Labban – Plymouth
College, United Kingdom
Safarov G.A. – PhD, e. ǵ. k.,
Tashkent, Ózbekstan
Mýkasheva A.A. – z.ǵ. d.,
prof., L.N. Gýmilev atyndaǵy
EUÝ
Baıǵojanova D.S. – p. ǵ. k.,
HAA akademigi
Kojasheva G.O. – p.ǵ. k.,
assoc. prof., I.Jansúgirov
atyndaǵy ZU
Teleýev G.B. – PhD, QAÝ

Редакционная коллегия:
Латыпов Р.Х. – д.т.н., проф.,
Казань, Россия
Radwan Labban – Plymouth
College, United Kingdom
Сафаров Г.А. – PhD, к.э.н.,
Ташкент, Узбекистан
Мукашева А.А. – д.ю.н., проф.,
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева
Байгожанова Д.С. – к.п.н.,
академик МАИН
Кожашева Г.О. – к.п.н, ассоц.
проф., ЖУ им. И. Жансугурова
Телеуев Г.Б. – PhD, KAU

Editorial Board:
Latypov R.H. – Doctor of
Technical Sciences,
Professor, Kazan, Russia
Radwan Labban –
Plymouth College, United
Kingdom
Safarov G.A. – PhD,
Candidate of Economic
Sciences, Tashkent,
Uzbekistan
Mukasheva A.A. – Doctor of
Law, Professor, L.N.
Gumilyov ENU
Baigozhanova D.S. – Ph.D.,
Academician of the MAIN
Kozhasheva G.O. – Ph.D.,
assoc. prof., I. Zhansugurov
ZHU
Teleuev G.B. – PhD, KAU

Qazaqstan Respýblikasy
Aqparat jáne qoǵamdyq
damý ministrliginiń
07.04.2023 j.
№KZ40VPY00067791 aqparat
komitetinde tirkelgen.

Зарегистрирован в Комитете
информации Министерства
информации и
общественного развития
Республики Казахстан
№KZ40VPY00067791 от
07.04.2023

Registered with the
Information Committee of
the Ministry of Information
and Public Development of
the Republic of Kazakhstan
No. KZ40VPY00067791
dated 07.04.2023.

JK Ajar, BSN: 940510400381,
010000, Qazaqstan
Respýblikasy, Astana q.

ИП Ажар, БИН: 940510400381,
010000, Республика
Казахстан, г. Астана

IP Azhar, BIN:
940510400381, 010000,
Kazakhstan, Astana



СОДЕРЖАНИЕ (CONTENT)

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ (PEDAGOGICAL SCIENCES)

- Кумисбекова Ж.С.**
АБАЙ ӘНДЕРІНІҢ ХАЛЫҚҚА БЕРЕТІН ТӘРБИЕЛІК МӘНІ 3
- Кожашева Г.О., Сопбек Ғ.**
ҚОЛЖЕТІМСІЗ ЭЛЕМЕНТТЕРІ БАР ЖАЗЫҚТЫҚТАҒЫ САЛУ ЕСЕПТЕРІН ШЕШУ ӘДІСТЕРІ 13
- Кожашева Г.О., Әкбар Н.Ж.**
МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ТӨРТІНШІ ДӘРЕЖЕЛІ ТЕНДЕУЛЕРДІ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІНЕ ҮЙРЕТУ
ТУРАЛЫ 21
- Кожашева Г.О., Осипова Е.**
ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ МЕТОДА КЕЙС-СТАДИ ПРИ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МАТЕМАТИКИ 32
- Кожашева Г.О., Рахым С.**
ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ФОРМАТЫ ЖАҒДАЙЫНДА МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ КООПЕРАТИВТІК ФОРМАСЫН
ҚОЛДАНУ 44
- Кожашева Г.О., Қадыл П.**
ЖИЫНДАР ТЕОРИЯСЫНЫҢ ҰҒЫМДАРЫ НЕГІЗІНДЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 56

ЮРИДИЧЕСКИЕ И ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ (LAW AND ECONOMIC SCIENCES)

- Сайдулаева З.С.**
МЕСТО И РОЛЬ СУБЪЕКТОВ МАЛОГО И СРЕДНЕГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РАЗВИТИИ СОЦИАЛЬНОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТИ БИЗНЕСА 68
- Жумабаев Т.М.**
РОЛЬ БИЗНЕСА В ДОВЕРИТЕЛЬНОМ УПРАВЛЕНИИ ГОСУДАРСТВЕННЫМ ИМУЩЕСТВЕННЫМ КОМПЛЕКСОМ
ОРГАНИЗАЦИИ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ. АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ 79
- Бужумова Р.Р.**
ТЕХНОЛОГИИ И ЗДОРОВЬЕ: КАК АВТОМАТИЗАЦИЯ МЕДИЦИНСКИХ ОСМОТРОВ ПОМОЖЕТ МОДЕРНИЗАЦИИ
СЕЛЬСКОГО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ 89

ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ (INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES)

- Sakhipov A.**
MAIN DIFFERENCES BETWEEN RELATIONAL AND NON-RELATIONAL DATABASES: A COMPARISON OF MONGODB
AND POSTGRESQL 94
- Tursynova A.**
EXPLORING THE IMPLEMENTATION OF AUGMENTED REALITY TECHNOLOGY: METHODS AND BENEFITS 99

СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ НАУКИ (AGRICULTURAL SCIENCES)

- Халелов А.Т., Бараков Р.Т., Булавин Е.Ф., Маратова Г.М.**
КОРМЛЕНИЕ СЕГОЛЕТОК САНАНА ЛИЧИНКАМИ ЧЕРНОЙ ЛЬВИНКИ ПРИ ВЫРАЩИВАНИИ В БАССЕЙНАХ 104
- Бадрызлова Н.С.**
ПЕРСПЕКТИВЫ ВЫРАЩИВАНИЯ ТОВАРНОГО НЕФРИТОВОГО ОКУНЯ (SCORTUM VARCOO) В КАЗАХСТАНЕ 114



ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ (PEDAGOGICAL SCIENCES)

УДК 371.486

Кумисбекова Жанар Сәбиқызы

фортепиано бөлімінің оқытқышы,

Н.Тілендиев атындағы балалар музыка мектебі

(Талдықорған қ., Қазақстан)

АБАЙ ӘНДЕРІНІҢ ХАЛЫҚҚА БЕРЕТІН ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Аннотация: Бұл мақалада Абай өз халқының жалынды ағартушысы, халқының досы әрі ақылшысы ретінде сонымен қатар қазақ халқы мен орыс халқы арасындағы достық пен туысқандықтың қорғаушысы болы саналатынын айтады және Абай әндерінің рухани тәрбиелік мәні қарастырылады

Кілт сөздері: ағартушы, рухани, өнер, композитор

Қазақ халқы Абайды тек данышпан ақын, әрі ағартушы деп қана біліп, сүйіп қоймайды, сонымен бірге оны даңқты композитор, көптеген халық әндерінің авторы екендігі жағынан да біліп, сүйеді. Абайды композиторлікке қандай негіз суарып, қандай негіз өсіріп тәрбиеледі? Әндері ғасырға жуық уақыт бұрын біртіндеп қазақ халқының музыкалық болмысына кіре бастағанды. Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың музыкалық мұрасы Қазақстан өнерінде үлкен орын алады. Қазақтың халық музыкасымен өзінің ең айқын, демократиялық түріндегі – тұрмыстық және классикалық романс күйінде берілген орыстың халық музыкасы мен профессионалдық музыкасы – Абай Құнанбаевтың музыкалық шеберлігін қанықтырған көздері болды. Абайдың музыкалық шығармасының қазақ және орыс музыкасымен байланысы жеке мәнерлеушілік немесе бүкіл әуеннің ұқсастығынан ғана сезіліп қоймайды, ал ең негізінде маңызы мен түрлерінің ұқсастығынан сезіліп тұрады. Абай әндері ақынның өз тұсындағы туған халқының музыкалық өнерінде болған жақсы, ең құнды жақтарын ғана

теріп алумен тынған жоқ, сонымен бірге дәстүрлері жаңадан ұғыну түрінде шығармашылық дамытады. Абайдың музыкалық талабы XIX ғасырдың екінші жартысында, қазақ халқының өнерінің дамып өскен революцияға дейінгі уақыттың бір кезеңінде қалыптасты[1,136].

Абай музыкасы қарағанда даңқы бүкіл далаға жайылған халық музыканттары мен әншілерінің орындаушылық шеберлігі өзінің қанаттанған шағына жеткен кезі еді. Абай заманында Құрманғазы, Мұхит, Біржан, Жаяу-Мұса және тағы басқа да халық өнерінің, қайраткерлері өздерінің тамаша шығармаларын жасап, оларды халық алдында орындады. Халық музыканттарының шығармашылық және орындаушылық шеберліктері бір ғана қазақ тыңдаушыларын ғажаптандырған жоқ, сонымен бірге халық музыканттарын тыңдауға немесе қазақ халқының музыкасын зерттеуге тура келген орыстарды да ғажаптандырды. Қазақстың халқы өнерінің көптеген даңқты қайраткерлерінің шығармашылық және орындаушылық жоғары шеберліктерінің дәлелі бола алатын революцияға дейінгі орыс әдебиетінен ерекше құнды құжаттар қайнар бұлағы болды. Абай бала жастан халық шығармашылығына әуестенді, халық поэзиясын, әнін және күйін білді, әрі сүйді. Ақынның ержеткен шағында «оның жақын достарының ішінде Абайдың музыкалық шығармаларын халық, арасына таратуда үлкен көмек берген ақындар, әншілер және музыканттар болды[2,216].

Абай бала кезінде-ақ қазақ жеріне көшіріп қондырылған - шаруалар алып келген орыстың шаруалық әндері арқылы орыс музыкасымен алғаш рет танысты. Бұдан арғы жерде Абай Семей және Омскіге үзбей барып жүріп орыс әдебиетімен танысып қана қойған жоқ, қайта орыс музыкасымен танысу ісін ілгерілетте түсті. Абай уақытында Омскіде, Семейдегі және басқа көптеген қазақстандық және сібірлік қалаларда мәдени өмір кәдімгідей өскен сатыға көтеріліп еді. Үй ішіндегі музыкалық ермек, әсіресе чиновниктердің, мұғалімдердің және әскери қызметкерлердің арасында белгілі түрде тарады. Бұл қалалардағы әскери бөлімдердің жетілген капельместер басқарған тұрақты үрмелі және ішекті аспаптар болды, жергілікті театрлардың сахнасында орыс және украин топтары ойын көрсетіп, концерттер қойды. Орыс және батыс елдері

композиторларының әндері, ариялары және романстары концерттік бағдарламаға енгізіліп әрі үй тұрмысында үздіксіз айтылып жатты. Абай Пушкинді, Лермонтовты, Крыловты, Чернышевскийді, Добролюбовті үйрене отырып, орыс композиторлары - Глинканың, Алябьевтің, Рубинштейннің өзінің орыс достарының отбасында, мүмкін тіпті театрлар мен клубтардағы көпшілік концерттерден естуіне тура келген шығармаларына - романстарына, арияларына және әндеріне айрықша құмар болды[3,32б.].

Халықтық ән-күй өнерінің негізінде ескен және мазмұны бойынша өз заманының алдыңғы қатарлы идеяларымен терең байланысты орыстың тұрмыстық романстары Абайдың назарын аудартты. Қазақ музыкасын әбден терең білетін және орыс музыкасын да жақсы білген Абай, өзінің шығармашылық руханилығымен бұл екі қайнар көзі ұлттық біртұтастыққа біріктірді. Абай аударған Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың көптеген өлеңдері қазақ халқына ақынның ән-күй шығармашылық арқасында танылды. Абай шығармашылық жаңашыл адам ретінде жаңа мәнерлеу, әсемдік сымбат жасап және оны ұлттық үнге ендірді, бұл арқылы ол қазақтың музыкалық тілін байытты. Осыған байланысты Абайдың халық сырын терең білетіндігін, сол үшін де қазақ халқының орыс музыкасы мен поэзиясына деген жаңашыл ынтасын құп алғандығын баса айтуымыз керек. Орыстың шаруалық және қалалық әндері мен романстары өзінің идеялық маңызы бойынша қазақ еңбекшілеріне бәрі түсінікті болды. Сонымен қатар орыс және қазақ үндерінің арасында тарихи қалыптасқан кейбір ұқсастықтардың болуына да қазақ халқының өзінің, орыс музыкасын көркем түрде қабылдау тілегі кемектесті. Көптеген орыс зерттеушілері қазақ және орыс музыкасындағы мәжбүрлеу жақындық жақтарына өздерінің еңбектерінде әлде-неше көңіл аударды. Мысалы, айталық С.Болотовтың 1866 жылы «Орыс хабаршысында» («Русский вестник») басылып шыққан «Сыр-Дариядан» деген мақаласында қазақ халқының өлеңдерінің орта Россия мен Украинаның өлеңдерін недәуір еске салатындығын жазды. Бұған ұқсас айтылған пікірлерді біз көптеген орыс фольклоршілерінен де табамыз. Қазақ әншілері мен музыканттарының селоларда ескі

орыс шаруаларының қалалардағы үйлерде, базарларда және жәрмеңкелерде құлақ тігіп тыңдаған музыкалары қазақ әні мен орыс әніндегі интонациялық жақындаған болуына әсер еткендігіне күмән жоқ[3,126].

Қазақтың халықтың өнер қайраткерлері өзінің маңызы мен мәнерлік сымбаты жағынан жүрегіне жылы тиген орыстың ән-күй және аспаптың шығармашыларын өз тілінің негізіне шығармашылық жеткізді. Қазақтың халық әншілері мен музыканттарының репертуарларында - “Камаринская”, “Ах ты доля, моя доля”, “Вдоль до речки”, “Светит месяц” сияқты орыс музыкасының шығармаларының да болғаны мәлім. Орыстың ән үні қазақ шығармаларында шығармашылық пайдаланылды. Абайдың зор еңбегі сол, ол халықтардың бірі-бірімен туысқандасуында музыкалық өнердің көркемдік маңызы барлығын терең ұғынды, сөйтіп өзінің ән-күй шығармашылықпен бұл ұлы іске жемісті түрде үлес қосты. Абай өз өлеңдерінің әндерін алған жоқ, халық дәстүрі бойынша “ауыздан-ауызға” көшу арқылы өзінің достарына жеткізді. Осылай, Абай әндерін олардың жарыққа шығу шағынан-ақ әншілер-кәсіби және музыкалық өнерді сүйушілер жаттап алып жүреді, сөйтіп халық арасына тез тарап кетіп жатты. Сонымен Абай өлеңдері, бүкіл халықтық шығармалары сияқты, халық ортасынан шыққан айтушылардың сындарынан өте отырып, болмай қоймайтын белгілі өңдеулер мен толықтырылды. Алайда, халық Абай әндерінің заңды түрде бірге жасаушысы болғанына қарамастан, ол әндердің авторлық ерекшеліктерін жойған жоқ. Абай әндерін авторы жоқ халық шығармасынан немесе басқа халық композиторларының шығармаларынан ажырату қиын емес, өйткені ол әндерде Абай мәнерлігі барынша күшті. Осы күнге дейін фольклоршылар Абай Құнанбаевтың әндерінің әуен “Сегіз аяқ” деген әннің 5 түрі, „Қор болды жаным” деген әннің 3 түрі бар, міне осындай барлық әндерінде де екі-үштен халық түрі бар, ал барлығы Абай әндерінің 36 түрі жазылып қалады[4,56].

Абай әндерінің, біздің ойымызша, мұндай түрлерінің көп болуы оның ауызша және жазба түрде таралып кеткен өлеңдерше халықтың өзі ақынның соншалық сәтті әуендерін қолданғандықтан болуы керек, осының арқасында бірқатар өлеңдер әлденеше

әуенге дұшар келгіш болулары керек. Абайдың музыкалық шығармасын жазып алу ісі мүлде аяқталып біткен жоқ, сондықтан халық арасынан Абай әндерін іздеу жолында көп жұмыс істелуі қажет. Абай әндері өздерінің сан жағынан көп еместігіне қарамастан, ақынның музыкалық талантының зор және сегіз қырлылығын көрсетеді. Сонымен ән-күй шығармашылығында Абай өз халқының жалынды ағартушысы, халқының досы әрі ақылшысы және қазақ халқы мен орыс халқы арасындағы достық пен туысқандықтың қорғаушысы болып саналады.

Абай аудармасында ұлттық сипат алған орыс ақындарының шығармалары ақынның өзінің әуенімен үндесулері арқылы көркемдік кестеленуі жөнінен өзгеше күш алды. Орыстың саяхатшылары мен фольклоршылары халық әншілерінің репертуарларының ішінде Абай аудармасындағы Пушкиннің, «Евгений Онегиннің» «Татьянаға хаты» Лермонтовтың өлеңінен «Қараңғы түнде тау қалғып» әндері және тағы басқалары зор жемісті болғандықтарын көрсетті. Айталық, Дм. Львовичтің Торғайға барған сапарын жазған «Қырғыз даласы бойынша» деген кітабында оның өзінің Нүрпейіс деген қазақтың қара үйінде дем алып жатқан кезінде қонақтың көңілін көтеру үшін үй иесі бір әншіні шақырады, ол көптеген өлеңдер айтып береді, ал қорытындысында әнші бір жаңа ән айтады. «Мен алғашында, - деп жазады Львович, - өз есіткеніме өзім сенгенім жоқ. Тек сіз қарт қазақтың артық емес, кем емес кәдімгі Татьянаның Онегинге жазған хатын әндеткенін көз алдыңызға елестетіңіз... «Хат» көптің көңіліне қона түсті, сонымен бірге, Нүрпейістің әйелінің әнді ықыластана тыңдағаны сонша». Өзінің жанрының ерекшелігі бойынша демократиялық болып келетін, музыкасы мен сөзі жұбайласып жүретін Абай әндері тек қабылдауға ғана оңай емес, сонымен бірге ән салуды сүйетін көпшіліктің кең түрде орындауларына да оңай. Абай әндерінің көпшілікке тарап кетуі, ақынның өзінің, басқа да халық композиторларындай, ақындық мәтіні музыкалық жолмен орындауы халықтық диатоникалық пернеге, әндетіп айтылатын музыкалыққа және музыкалық ой өрісінің негізі ретіндегі қазақ халқының өзінің әуенінің барынша түсініктілігіне негізделуінде.

Қазақ музыкасы жөніндегі бірқатар тамаша мақалалардың авторы Б.В.Асафьев қазақтың халық әнінің ақындық мәтінге жанаса қалатынын, әнге дегенде сезімталдығын әлденеше рет жазды, Б.В.Асафьев өзіне тән музыканың өмірлік терең толғайтындығына сәйкес қазақтың, халықтық ән-күй шығармашылық эстетикалық ерекшеліктеріне терең, сипаттама берді. Ол қазақ әні «нәзік лириканың толып жатқан мәннерлік әуезін көңілге қонымды бірлестікке ұластырады. Абай осы тамаша өлеңдерге адамды соншалық толғатып толқытатын аңқытып айтар ән шығарды, әуен мен мәтін екеуі біртұтас көркемдік жасап, біздің түсінігімізде желсіз түндегі жарық-ай астындағы мөлдір өзенді де, таудағы жаңғырықты да, бірін-бірі сүйгендердің сылдыр сыбырын да елестетеді. Әннің әуенінің өзі бір жеңіл желдің лебінен құйылғандай - ән сабырлы, біртегіс, құлаққа қонымды[5,156.].

Абайдың әуені жағынан орыстың, қала әніне жақын, бірақ басқа мағыналы мәтінге үйлестіріліп ақынның шығармашылық шеберлігінен өткен «Айттым сәлем, қалам қас» деген лирикалық әні, әсіресе, халық арасына кең тараған. Бұл әнде де тыңдаушыларды мәтін мен әуенінің бірлігі еліктіріп жібереді. Бұл тегеурінді әрі қиын, бұл әнде ынжық, өзіне-өзі тояттанған жұмыссыз арсыздың сурет сықақталып көрсетілген. Ән ақынның өзінің арсыздар мен екіжүзділердің мінездеріне қарсы бағыттаған әділ ашуын, қаһарын көрсетеді. Бұл әнде Абай жалған және сатқан феодалдық - байлық ортаның музыкалық сықақшысы-шындық ретінде, өткір сыншысы және әшкерелеушісі болып кәрінеді. Абайдың көп өлеңдері дидактикалық, ғибратты сипатта болып келеді. «Біреуден біреу артылса». «Ата-анаға көз қуаныш», «Сұрғылт тұман» сияқты шығармаларының мелодиялары ариялық, сыпатты болып келеді. Бұл әндердің сабырлы, біркелкі қозғалыстағы әуендері қатал, бірақ өз халқы бүкіл жүрегімен сүйетін ұстаздың даналық ақылын бейнелі түрде береді.

Абай «Ішім өлген, сыртым сау», «Сен мені нетесін?» «Қарашада өмір тұр» деген әндерінде әуеннің айрықша драмалық, ауыртпалығына жетеді. Бұл әндерде жеке бастың жалығу, жалғыздану мұңының терең сезімі нәзік көрсетілген. Бұл өлеңдерде күдер үзушілік немесе пессимизм жоқ, Абай бұл өлеңдерінде адам жанының білгір психологі

ретінде көрінеді. Абайдың бұл өлеңдерінде оқшауланған және бекем жеке бастың қалғасы ғана естіліп қоймайды, сонымен бірге, ең бастысы, өзінің халқын жақсы өмірге, мәдениетке және білімге жеткізуге ұмтылған азаматтың, патриоттық зор сезімі жырланады. Абайдың әуені оның музыкалық талабының бір ғана құралы болғандығын, оның музыкалық шығармасының гармониялықты және полифониялықты білмегендігін, тек айқын қонымды ән арқылы Абайдың нәзік лирикадан кеңдігін ұмытуға болмайды.

Абай өзінің ән шығармаларында алуан салалы тамаша талантымен, алуан түрлі ой, сезім және толғану жақтарымен осылай бүкіл салтанатымен көрінеді. Абайдың музыкалық шығармашылығы қазақ өнерінің мақтанышы болып саналады. Оның көптеген әндері енді қазақтың халық музыкасының классикалық шығармалары болды. Абай әндері советтік уақытта ғана жазылды. Орыс фольклоршылары Бимбоэс және Затаевич 1919-1923 жылдары Абай әндерін ең алғаш жазып алды. Бұл жұмысты композиторлар Л.А.Хамиди, Е.Г.Брусилловский, А.Қ.Жұбанов және басқалары алға қарай бастырды. Абайдың өлеңдерін жинастыру және оның ән-күй шығармалық насихаттау ісіндегі, ақынның ән-күй шығармашылық білгірі жазушы М.О.Әуезовтың зор ролін айрықша атап өтуіміз керек. Мұның, көмегімен Абай әндерінің көптеген қызық түрлері табылып, жазылып алынды.

Абайдың немересі Мәкен Мұхамеджанова мен Архам Ысқақовтан жазып алған әндердің зор құндылығы бар. Белгілі халық ақындары - Жүсіпбек Елебеков, Қуан Лекерев, Қали Байжанов, Манарбек Ержанов Абай әндерін соншалық шебер орындайды. Абай әндері радио және концерттік эстрадада ССРО халық артискасы Күләш Бәйсеитованың, Қазақ ССР халық артистері Ришад Абдуллиннің, Байғали Досымжановтың, Әлібек Дінішев және басқаларының орындалуында ылғи айтылып, құлаққа естіліп жатады. Абай әндері сауықкеш үйірмелерінің репертуарларынан кең орын алады және олар жанұя, достардың бастары қосылған жерде жиі айтылып жатады.

Абайдың ән-күй шығармасының бұрынғының классикалық мұрасы ретінде зор бағасы бар және үлкен жаңалықтарының маңызы бар. Егер Абай әндері революцияға дейінгі өмірдің жағдайында қазақ халқы мен орыс халқының туысқандық достығына

үлкен әсер еткен болса, енді біздің кезімізде оның әндері музыкалық әдебиеттің ажыратылмас бір бөлігі болып отыр. Мұның үстіне Абай әндері зор, дербес кесек бір көркемдік, оның әуендері көптеген советтік композиторлардың опералық, симфониялық және камералық шығармаларының, шығармашылық асқағының қайнар көзі болып саналады. Абайдың көп әуендерін композиторлар М.Төлебаев, К.Қожамьяров, М.Иванов-Сокольский, Дм.Мацуцин және басқалары фортепианодан түрлі дауыстарға немесе хорға бейімдеп өндеп жазды.

Абай - нағыз халық композиторы, оның, шығармасы халық арасында ең қымбат, ең сүйікті және ең халықтық болып өмір сүреді. 1953 жылғы қарашада өткен селолық музыкалық сауық кештің олимпиядасына қатысушылар жеке ән, дуэт, хор, оркестрге қосу түрінде Абай әндерін 176 рет орындаған еді. Абай өзінің үзеңгілес замандастары сияқты музыканы, ән-күйді жақсы түсіне білген. Әсіресе халық әншілері мен күйшілердің өнерін жоғары бағалап, оларды ұйып тыңдаған. Көптеген ақын, әнші, күйшілермен кездескен, кейбіреулері Абай аулында болған. Мәселен, атақты әнші Біржан сал Абай аулында бірнеше ай болып, ән салып, Абайдың да әндерін тыңдап, бір-біріне жақсы баға бергені мәлім. Біржан сал Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңіне ән шығарып кеткен.

Академик А.Жұбанов өзінің «Замана бұлбұлдары» атты кітабында былай дейді: «Өз заманындағы ән, күй шығарған халық композиторлары сияқты Абай да нота сауатын аша алмады. Сондықтан музыка шығару жөніндегі қолында болған құралы Біржан, Ақан, Жаяу Мұсадан артық болған жоқ. Ақынның айналасына талантты жас ақындар, әншілер жиналып, жиі бас қосатын болған. Кейбір деректерге қарағанда, Абай аулында ақынның балалары мен шәкірттерінен құрылған музыка ансамблі болғанға ұқсайды. Ансамбльге домбыра, скрипка, гармонь, мандолина және гитара аспаптары кірген. Ансамбльді Әбіш пен Көкпай басқарған. Ал скрипач Мұқаның репертуарында қазақтың халық әндері мен қатар, Батыс Еуропа және орыс композиторларының шығармалары, орыс, украин, татар, башқұрттың, халық әндері болған.

Бүгінгі таңда, көп ұлтты Қазақстан Республикасының халықтары Абайды тек қана ойшыл, ұлы ақын емес, тамаша халық композиторы есебінде танып отыр. Осы тақырыпта көптеген көркем өлеңдер, ғажайып сазды әндер шығарады. Оған «Амал жоқ-қайттым білдірмей» (Татьяна хаты), «Тәндері қосқан жар едің сен» (Татьянаның, монологі), Онегиннің, Татьянаға жауабы, немесе «Қаранғы түнде тау қалғып» («Горные вершины») М.Лермонтовтан, т.б. әндер кепіл бола алады. Бұл қазақ ұлттық музыка мәдениетіне қосылған асыл қазына. Ақын өзінің қысқа өлеңдерінде табиғаттың, бейнесін, адам портретін жасауға, оның, ішкі, сыртқы мінездерін суреттеуге өте шебер. Абай өлеңнің тематикасы мен образдық жүйесін байытып, оған халықтық характер берген. Мәселен, «Айттым сәлем, қаламқас», «Қор болды жаным», «Сегіз аяқ», «Ата-анаға көз қуаныш», «Мен көрдім ұзын қайын, құлағанын», «Сұрғылт тұман», «Желсіз түнде жарық, ай», «Амал жоқ,- қайттым білдірмей» (Татьяна хаты), «Қараңғы түнде тау қалғып», «Ішім өлген, сыртым сау» т.б. әндерінде жаңа өлшем, ерекше әуен мен ырғақ, жаңа үн мен олардың бірнеше түрлері бар.

1920 жылдары Абай әндерін, алғаш фольклоршы-этнограф А.Бимбоэс, кейінгі жылдары А.Затаевич халық аузынан жазып алды.1935 жылы ақынның туған жері Семейде, Мұқтар Әуезов өзінің болашақ «Абай» романына материал жинап жүрген кезінде композитор Л.Хамидиді кездестіріп, оған Абайдың әндерін нотаға түсіріп, жазып алу туралы ақыл береді. Л.Хамиди Семейде Абайдың жиені Архалы Ысқақовтан ақынның 18 әнін жазып алып, нотаға түсіреді.

1939 жылы Абайдың музыкалық мұрасын сақтау мақсатында Алматыға Абайдың немересі, әрі әнші, әрі ақын, атасының әндерін сақтаушы Мәкен Мұхаметжанова шақырылып, одан композитор әрі музыка зерттеуші А.Жұбанов Абайдың 15 әнін жазып алып, нотаға түсіреді. Бұдан кейінгі жылдары фольклоршы Б.Ерзакович әншілер Темірболат Арғынбаевтан, Қуан Лекеровтен, Жүсіпбек Елебековтен Абайдың 10 шақты әнін жазып алған. Мұнымен қатар академик А.Жұбанов өзінің «Замана бұлбұлдары» атты кітабында Абайдың музыкалық мұрасы туралы үлкен зерттеу жазды. Ал Абайдың әндері туралы В.Дернова, Б.Ерзакович біраз мақалалар жазып, еңбек етті.Абайдың

әндері профессионалдық қазақ музыкасының тууына әсер етті. С.Шабельскийдің, фортепианолық триосы, Украина композиторы М.Скорульскийдің фортепианолық квинтеті Абай әндерінің негізінде туды. Композитор В.Великанов Абайдың «Қарашада өмір түр» тақырыбына импровизация, Ғ.Жұбанова «Қор болды жаным» әніне вариация, скрипка мен фортепианоға арналған транскрипциясы да Абай әндерінің сарынымен жазылған. А.Жұбанов пен Л.Хамиди өздерінің «Абай» операсында Абайдың әндерін орынды пайдаланды. Ал А.Жұбановтың «Абай», Е.Брусиловскийдің «Жалғыз қайық» поэмалары да Абай әндерінің негізінде туды. Ғ. Жұбанова оркестрге, хорға, әнші мен домбырашыға арнап «Татьяна әні» деген оратория жазды. Бұл шығармалардан басқа композиторлар Е.Рахмадиев, Ж.Дәстенов, Г.Гризбил, К.Күмісбековтердің Абайға арналған музыкалық туындыларын да атап айтуға болады. Қазақстан композиторларының, шығармашылығында Абайдың әндері цитата немесе интонациялық түрде молынан пайдаланылды, ол жоғарыдағы аталған шығармалардың музыкалық драматургиясын күшейте түсті[6].

Қысқасы, Абай әндері қазақтың күрделі профессионалдық, музыка мен ән және көп дауысты хор өнеріне, музыкалық мәдениетіне қосылған зор үлес деп білу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Құнанбаева А. «Шығармалар толық жинағы». Т. 2. - Алматы: «Ғылым», 1987.- 281 б.
2. Музыка әлемінде//.Ғылыми-әдістемелік журнал. Алматы. 2014, №2, 10б.,
3. Музыка әлемінде//.Ғылыми-әдістемелік журнал. Алматы. 2016, №3, 17б.,
4. Байтұрсынов А. Шығармалар (Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер). Алматы: «Жазушы», 1989. - 319 б.
5. Құнанбаев. А. Қара сөздері. - Алматы, 1993. - 92 б.
6. Музыка әлемінде. Ғылыми-әдістемелік журнал. Алматы. 2017, №4, 15б.

ӘӨЖ 514.01

Кожашева Гульнар Оналбаевна

п.ғ.к., қауымдастырылған профессор,

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

(Талдықорған қ., Қазақстан)

Сопбек Ғайникамал

«Математика» білім беру бағдарламасының магистранты,

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

(Талдықорған қ., Қазақстан)

ҚОЛЖЕТІМСІЗ ЭЛЕМЕНТТЕРІ БАР ЖАЗЫҚТЫҚТАҒЫ САЛУ ЕСЕПТЕРІН ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

Түйіндеме. Адамның экономикалық қажеттіліктерінен туындаған алғашқы салу есептері ежелгі уақытта пайда болды. Ежелгі сәулетшілер мен жер өлшеушілер өздерінің мамандықтарына байланысты қарапайым салу есептерін шешуге мәжбүр болды. Дәл осы есептер Мысыр, Вавилон, Үндістан және т. б. ежелгі халықтар арасында кең дамыған визуалды геометрияның пайда болуының негізі болды. Мұндай есептерің ішінде ерекше орын алып тұрған, қолжетімсіз элементтері бар салу есептері:көлдің немесе өзеннің енін өлшеу, теңіздегі кемеге дейінгі қашықтықты табу, ағаштың биіктігін өлшеу және т.с.с. Мақалада қолжетімсіз элементтері бар салу есептерінің геометрияның дамуындағы ролі, шешу әдістері қарастырылған.

Түйін сөздер: конструктивтік геометрия, геометриялық салу есептері, қолжетімсіз элементтер.


Осы кезде мектепте беріліп жатқан математика пәнінің мазмұны мен бағдарламасына да айтылатын сын-пікірлер аз емес. Жалпы алғанда бұл пән әрбір оқушыға қызықты және сабақтастықта болғаны дұрыс. Ең бастысы, мазмұны түсінікті

болғанын қалаймыз. Егер математика пәні ұғынықты болса, демек қызықты деген сөз. Қызықты математика оқушының ынтасы мен ойлау қабілетін арттырып, жеке тұлға ретінде дамуына пайдалы әсерін тигізері анық» -деді А.Аймағанбетов 2022 жылдың ақпан айында Қарағанды қаласында өткен математика пәні мұғалімдерінің съезінде[1].

Қазіргі қоғамда сәулет өнері саласында қазақ жастары аз кездеседі. Мұның себебі, біздің ойымызша, мектепте дұрыс геометриялық білім алмаушылық, яғни қазіргі жалпы білім беретін оқу орындарында геометрияға, оның ішінде геометриялық салу есептеріне дұрыс көңіл бөлінбей келеді. Геометрияны оқытуды дұрыс ұйымдастыру қазіргі ғылым мен техниканың жедел даму ғасырында қоғамға қажетті жастардың табылуына көмектеседі. Геометриялық салулар теориясы, әсіресе қолжетімсіз нүктелері бар жазықтықтағы салу есептері практикалық графиканың теориялық негізін құрайды, себебі сызудың көптеген тәсілдері геометриялық салу есебінің шешіміне сүйенеді. Сонымен қатар, геометриялық салулар оқушылардың математикалық дайындығындағы рөлі өте зор, өйткені олар оқушылардың математикалық құлшынбалығын және логикалық біліктілігін дамытуға көптеген материал береді. Салу есептері мектеп геометриясының кез келген бөлімінің теориялық білімдерін меңгертуге жағдай жасайды. Сондықтан мектеп геометрия курсында геометриялық салу есептерін, оның ішінде қолжетімсіз элементтері бар жазықтықтағы салу есептерін шешуді оқып-үйрету өзекті мәселелердің бірі болып табылады[2].

Егер нүктеге конструктивтік геометрияның аксиомаларын, атап айтқанда сызғыш пен циркульдің аксиомаларын қолдану мүмкін болмаса, нүкте *қолжетімсіз* деп аталады.

Егер фигураның барлық нүктелері қолжетімсіз болса, фигура қолжетімсіз деп саналады. Егер осы нүктеде қиылысатын екі түзудің кесінділері салынса, қолжетімсіз нүкте берілген (белгілі) деп саналады. Төмендегі 1 суретте P нүктесі екі a және b түзулерімен анықталады.



1 сурет. Қолжетімсіз нүктенің берілуі

Қолжетімсіз элементтердің пайда болуы геометриялық салулардың барысын өзгертеді және әдетте оларды қиындатады. Біз мектеп оқушыларын қолжетімсіз элементтері бар геометриялық салулар теориясымен таныстыру міндетін қоймаймыз. Біз оларды жеке есептерді шешу әдістерімен таныстыруды ұсынамыз.

Тригонометрияны қолдана отырып, жердегі көптеген өлшеу есептері шешіледі, мысалы, жер бетінің әртүрлі нүктелері арасындағы қашықтықты есептеу (егер бұл қашықтықты тікелей өлшеу мүмкін болмаса), берілген заттың биіктігін есептеу (таулар, ғимараттар және т.б.), жоспарлар мен карталар және т. б. Біз өлшеулер кішкене аймақта жасалады деп болжаймыз, сондықтан оны тегіс деп санауға болады және жер бетінің қисықтығын ескермеуге болады.

Бұл тақырыптың есептерін келесі топтарға бөлуге болады:

1. Қолжетімді екі нүктенің арасындағы қолжетімсіз қашықтықты өлшеу.
2. Қолжетімсіз нүктеге дейінгі қашықтықты өлшеу.
3. Қолжетімсіз екі нүктенің арасындағы қашықтықты өлшеу.
4. Қолжетімсіз нүктелерді пайдаланып циркуль және сызғыш көмегімен шешілетін салу есептері[3].

Оқушылардың математикалық білімді қолдана алуы үлкен практикалық маңызы бар. Осыған байланысты оқушылардың геометриялық шамаларды өлшеуде білім, білік

және дағдыларды игеруі олардың математикалық білімінде маңызды буын болып табылады.

Геометриялық шамаларды өлшеу тікелей де, жанама да болуы мүмкін. Қашықтықты тікелей өлшеу құралдардың көмегімен жүзеге асырылады, мысалы, сызғыш, өлшеуіш таспа, штангенциркуль, транспортир және т. б.

Қашықтықты жанама өлшеу геометриялық фигуралардың қасиеттері негізінде, содан кейін өлшеу құралдарын қолдану арқылы жүзеге асырылады.


Үшбұрыштардың теңдік қасиеттері мен ұқсастығын қолдана отырып, қашықтықты жанама өлшеу әдістерін мысалдармен түсіндірейік.

№ 1 мысал. A – қолжетімсіз нүкте; B – қолжетімді нүкте; AB – ізделінді қолжетімсіз қашықтық (1 сурет).

Есепті шешу үшін үшбұрыштардың теңдігін пайдаланамыз. Есепті шешу тәсілі үшбұрыштың түрінен (тікбұрышты, сүйірбұрышты, доғал бұрышты) тәуелді емес екенін айта кетелік

Келесі амалдар орындалады:

- 1) Ойша қолжетімді және қолжетімсіз нүктелерді қосамыз;
- 2) $\angle ABM = x$ ($0^\circ < x < 180^\circ$) бұрышын саламыз;
- 3) ABM бұрышының BM қабырғасында біртіндеп екі BC және CB' кесінді саламыз ($BC = CB'$);
- 4) B' нүктесі төбесі болатындай $\angle BB'N = \angle ABM$ бұрыштарын саламыз;
- 5) AC сәулесін $BB'N$ бұрышының $B'N$ қабырғасымен A' нүктесінде қиылысатындай жүргіземіз, сонда ABC – негізгі үшбұрыш, мұнда AB қабырғасы – ізделінді және $\triangle A'B'C$ – қосымша үшбұрыш шығады;




1 сурет. Мысалдың сызбасы (1 тәсіл)

- 6) ABC үшбұрышы $A'B'C'$ үшбұрышына тең екенін көрсетеміз;
- 7) $AB=A'B'$ болатынын тұжырымдаймыз;
- 8) $A'B'$ қашықтығын өлшейміз;
- 9) ізделінді AB қашықтығының сандық мәнін анықтаймыз.

Енді осы есепті шешу үшін үшбұрыштардың ұқсастығын пайдаланамыз, ол үшін келесі амалдарды орындау керек (2 сурет):

1. Ойша қолжетімді және қолжетімсіз нүктелерді қосамыз;
2. $\angle ABM = x$ ($0^\circ < x < 180^\circ$) бұрышын саламыз;
3. ABM бұрышының BM қабырғасында біртіндеп:
 - а) кез келген BC кесіндісін;
 - ә) $CB'=BC : n$ кесіндісін (мұнда n — натурал сан; мысалы, егер $n=2$, онда $CB'=BC : 2$);
4. төбесі B' нүктесінде болсатын $\angle BB'N = \angle ABM$ бұрыштарын;
5. AC сәулесін $BB'N$ бұрышының $B'N$ қабырғасымен A' нүктесінде қиылысатындай жүргіземіз, сонда ABC – негізгі үшбұрыш, мұнда AB қабырғасы – ізделінді және $\triangle A'B'C'$ – қосымша үшбұрыш шығады;

6. $\Delta A'B'C \sim \Delta ABC$ БОЛАТЫНЫН КӨРСЕТЕМІЗ;



2 сурет. Мысалдың сызбасы (2 тәсіл)

7. $A'B' = AB : n$ болатынын тұжырымдаймыз;;

8. $A'B'$ қашықтығын өлшеп, ізделінді AB қашықтығының сандық мәнін анықтаймыз ($AB = n \cdot A'B'$).

Қарастырған тәсілдер қолжетімсіз нүктеге дейінгі қашықтықты табу есебін шешудің жалпы тәсілін алуға мүмкіндік береді:

- 1) Ойша қолжетімді және қолжетімсіз нүктелерді қосамыз;
- 2) бір қабырғасы ізделінді қашықтық болатындай кез келген үшбұрыш (тікбұрышты, сүйірбұрышты, доғал бұрышты) саламыз (негізгі үшбұрыш);
- 3) негізгі үшбұрышқа тең немесе ұқсас қосымша үшбұрыш саламыз, ол үшін:
 - а) негізгі үшбұрыштың басқа екі қабырғасын созамыз;
 - ә) қолжетімді нүктені қамтитын қабырғасының жалғасында кесінді өлшеп саламыз, ол негізгі үшбұрыштың сәйкес қабырғасымен $1 : n$ қатынасында болу керек (n — натурал сан) ($0 < 1 : n \leq 1$);

б) осы кесіндінің үшүшіндә төбесі орналасатындай, шамасы төбесі қолжетімді нүктеде орналасқан негізгі үшбұрыштың бұрышына тең бұрышты саламыз;

в) қиылысу нүктесін белгілейміз- негізгі үшбұрыштың қолжетімсіз нүктесіне сәйкес болатын қосымша үшбұрыштың төбесін.

4) шыққан үшбұрыштардың теңдігін немесе ұқсастығын көрсетеміз;

5) ізделінді қашықтықтың (яғни негізгі үшбұрыштың ізделінді қабырғасының) сәйкес қабырғадан тәуелдігін көрсететін формуланы жазамыз;

б) Ізделінді қашықтықтың сандық мәнін анықтаймыз, ол үшін қосымша үшбұрыштың сәйкес қабырғасын өлшейміз.

Ұсынылған қашықтықты жанама өлшеу әдістері оқушылардың математикалық білімді қолдануы тұрғысынан маңызды практикалық мәнге ие. Бұл әдістердің жекесін болсын, жалпысын болсын игеру оқушылар үшін белгілі бір қиындықтар туғызады, бұл белгілі бір тәсілге кіретін негізгі амалдарды біртіндеп жетілдіруді талап етеді. Жердегі негізгі өлшеу құралдары: экер, астролябия, кезеңдер және сантиметр (өлшеу) таспасы. Сәйкесінше, дәптерлерде оқушылар сызу үшбұрыш, транспортир, масштабты сызғыш, циркуль көмегімен сызбалар жасайды.

Мұнда қашықтықтарды жанама өлшеу үшін ұсынылған есептер сәйкесінше оқушылар теңдікті, содан кейін үшбұрыштардың ұқсастығын зерттегеннен кейін ғана орындалады. Қашықтықты жанама өлшеудің жалпыланған әдістері кейінірек енгізіледі. Олардың ең тиімді қалыптасуы оқушылардың жердегі өлшеу жұмыстарын орындау барысында жүреді.

Мұғалім қашықтықты жанама өлшеу үшін есептерді шешудің арнайы әдістерін жасау үшін математика бойынша үйірме сабақтарын кеңінен қолдана алады. Осы мақсатта мұнда қарастырылған есептерді шешу үшін оларды шешудің басқа да әдіс - тәсілдерін ұсынуға болады. Мысалы

1) Қолжетімді нүктелер арасындағы қолжетімсіз қашықтықты өлшеу үшін келесі қасиеттерді қолданатын әдіс-тәсілдерді ұсынуға болады:

а) тікбұрышты теңбүйірлі үшбұрыштың қасиеттерін; ә) остік симметрияның қасиеттерін; б) параллелограмм қасиеттерін; г) үшбұрыштың орта сызығының қасиеттерін; д) синустар және косинустар теоремаларын; е) графиктік тәсіл және т.б.

2) Қолжетімсіз нүктеге дейінгі қашықтықты өлшеу үшін келесі қасиеттерді қолданатын әдіс-тәсілдерді ұсынуға болады:

а) тікбұрышты теңбүйірлі үшбұрыштың қасиеттерін; ә) бұрыштың қабырғаларында параллель түзулер қиятын кесінділердің қасиеттерін; в) синустар теоремасын; г) графиктік тәсіл және т.б.

3) Қолжетімсіз нүктелер арасындағы қашықтықты өлшеу үшін келесі қасиеттерді қолданатын әдіс-тәсілдерді ұсынуға болады:

а) параллелограмм қасиеттерін; ә) синустар және косинустар теоремаларын; в) графиктік тәсіл.

Әр жағдайда мұғалім есепті шешудің әдісіне сәйкес әдіс-тәсілдерді тұжырымдау керек, алдымен дербестерін, содан кейін жалпысын. Соларды қолданудың негізінде мұғалім қашықтықтарды өлшеуге есептерді шешуге тиімді үйрете алады.

Әдебиет

1 [inform.kz https://www.inform.kz/ru/s-ezd-uchiteley-matematiki-proshel-v-karagande_a3900870](https://www.inform.kz/ru/s-ezd-uchiteley-matematiki-proshel-v-karagande_a3900870)

2 Крутиков О.П. Методы и решения геометрических задач на построение М.: Просвещение 2010

3 Кожашева Г.О. Конструктивтік геометрия негіздері. Талдықорған, «Жетісу Университеті», 2013

ӘӨЖ 514.01

Кожашева Гульнар Оңалбаевна

п.ғ.к., қауымдастырылған профессор,

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

(Талдықорған қ., Қазақстан)

Әкбар Нұржау Жолдасбайұлы

«Математика» білім беру бағдарламасының магистранты,

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

(Талдықорған қ., Қазақстан)

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ТӨРТІНШІ ДӘРЕЖЕЛІ ТЕНДЕУЛЕРДІ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІНЕ ҮЙРЕТУ ТУРАЛЫ

Түйіндеме: Мектептегі алгебра курсына тендеулер жетекші орын алады. Олар кез келген басқа тақырыптарға қарағанда оқуға көбірек уақыт алады. Шынында да, тендеулер маңызды теориялық мәнге ие ғана емес, сонымен қатар таза практикалық мақсаттарға да қызмет етеді. Тендеулерді шешу дағдыларын қалыптастыру әдістемесі мәселесі мектептегі барлық пән мұғалімдеріне, соның ішінде математика мұғалімдеріне де өзекті. Оның шешімі мектептегі математикалық білім берудің заманауи мазмұнын ойдағыдай меңгеру үшін оқушылардың белсенділігін арттыру бағытында оқу үрдісінің тиімділігін арттыру қажет екендігі тұрғысынан да маңызды. Мақалада мектеп оқушыларын төртінші дәрежелі тендеулерді шешудің тиімді әдіс-тәсілдеріне үйрету жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: төртінші дәрежелі тендеулер, тендеудің шешімі, шешу әдістері.

Мектептің алгебра курсына жоғары дәрежелі тендеулерді шешуде қолданатын негізгі әдістер- айнымалыны ауыстыру және көбейткіштерге жіктеу.

Алдымен айнымалыны ауыстыру әдісін $x^4 + bx^2 + c = 0$ түріндегі биквадрат теңдеулерді шешу үшін қарастырамыз. Бұл теңдеу $x^2 = y$ стандарт ауыстыру көмегімен квадрат теңдеуіне келтіріледі. Бірақ, шыққан квадрат теңдеуінің y_1, y_2 түбірлері нақты болмауы мүмкін. Мұндай жағдайды болдырмау үшін, стандарт ауыстыруды қолданбай, теңдеудің сол жағынан толық квадратты бөліп алу арқылы оны көбейткіштерге жіктеу қажет. Ол үшін теңдеудің жоғарғы және бос мүшелерін топтастырып, қосындысын толық квадратқа дейін толықтырады. Сонымен, $x^4 + bx^2 + c = 0$ теңдеуі берілсін және $y^2 + by + c = 0$ теңдеуі үшін $b^2 < 4c$. Олай болса, $c > 0, |b| < 2\sqrt{c}, \Rightarrow b < 2\sqrt{c}$. Сондықтан келесі түрлендірулерді орындауға болады:

$$\begin{aligned}x^4 + bx^2 + c &= (x^4 + c) + bx^2 = \\(x^4 + 2\sqrt{c}x^2 + c) - (2\sqrt{c} - b)x^2 &= \\(x^2 + \sqrt{c})^2 - (2\sqrt{c} - b)x^2 &= \\(x^2 + x\sqrt{2\sqrt{c} - b} + \sqrt{c})(x^2 - x\sqrt{2\sqrt{c} - b} + \sqrt{c}).\end{aligned}$$

Бұл түрлендірулерден кейін берілген биквадрат теңдеуінің шешуі екі нақты коэффициентті квадрат теңдеулерін шешуге келеді. Бұл жерде күрделі формулаларды есте сақтаудың қажеті жоқ, тек әр жағдайда толық квадратты бөліп алуды көрсетілген тәсілмен орындау жеткілікті. Осындай түрдегі биквадрат теңдеулерге $x^6 + a^6 = 0$ түріндегі теңдеулер де келеді.

Мысал 1. Теңдеуді шешіңдер: $x^4 - 5x^2 + 4 = 0$.

Бұл теңдеу $x^2 = y$ стандарт ауыстыру көмегімен $y^2 - 5y + 4 = 0$ квадрат теңдеуіне келтіріледі. Оның түбірлері $y_1 = 1, y_2 = 4$. Олай болса, берілген теңдеудің төрт түбірі бар: $x_1 = -1, x_2 = 1, x_3 = -2, x_4 = 2$.

Мысал 2. Теңдеуді шешіңдер: $4(x+5)(x+6)(x+10)(x+12) = 3x^2$.

Теңдеуді

$$4(x^2 + 17x + 60)(x^2 + 16x + 60) = 3x^2$$

түрінде жазып, оның екі жағында x^2 - қа бөлсек ($x = 0$ түбірі болмайтыны айқын), келесі теңдеуді аламыз:

$$4\left(x+17+\frac{60}{x}\right)\left(x+16+\frac{60}{x}\right)=3$$

Келесі белгілеуді қолдансақ: $y = x+16+\frac{60}{x}$, берілген теңдеуден

$$4(y+1)y=3,$$

$4y^2+4y-3=0$ квадрат теңдеуін аламыз. Оның түбірлері $y_1=0,5$, $y_2=-1,5$.

$x+16+\frac{60}{x}=0,5$ теңдеуінің түбірлері $x_1=-8$, $x_2=-7,5$.

$x+16+\frac{60}{x}=-1,5$ теңдеуінің нақты түбірлері жоқ.

Жоғары дәрежелі теңдеулерді шешуде көбейткіштерге жіктеу әдісін қолдану кезінде келесі тұжырымды есте сақтау пайдалы: егер α саны $P(x)$ көпмүшесінің түбірі болса, онда $P(x)$ көпмүшесі $(x-\alpha)$ -не бөлінеді, яғни оны

$P(x)=(x-\alpha)\cdot Q(x)$ түрінде көрсетуге болады. Сонымен, егер көпмүшенің түбірі белгілі болса, онда оны көбейткіштерге жіктеу оңай болады. Бұл жерде, көпмүшенің түбірін табу үшін келесі фактіні пайдалану тиімді: бүтін коэффициенті көпмүшенің кез келген бүтін түбірі оның бос мүшесінің бөлгіші болады.

Мысал 3. Теңдеуді шешіңдер (сол жағын көбейткіштерге жіктеу арқылы):

$$2x^4+3x^3+16x+24=0.$$

Сол жағындағы мүшелерін топтастырып, теңдеуді түрлендірсек:

$$(2x^4+3x^3)+(16x+24)=0$$

$$x^3(2x+3)+8(2x+3)=0$$

$$(2x+3)(x^3+8)=0.$$

Олай болса, теңдеудің түбірлері:

$$x_1=-1,5; \quad x_{2,3,4}=-2.$$

Мысал 4. Теңдеуді шешіңдер (сол жағын көбейткіштерге жіктеу арқылы):

$$x^4-x^3-7x^2+x+6=0.$$

Сол жағындағы көпмүшедегі бос мүшесінің бүтін бөлгіштері: $\pm 1, \pm 2, \pm 3, \pm 6$. Олардың ішінде берілген көпмүшенің түбірі $\alpha = 1$ және $\alpha = -1$. Берілген көпмүшені «бұрыштап» $(x-1)$ -ге және $(x+1)$ -ге бөлу арқылы көбейткіштерге жіктеуге болады. Олай болса,

$$x^4 - x^3 - 7x^2 + x + 6 = (x-1)(x+1)(x^2 - x - 6).$$

$x^2 - x - 6 = 0$ теңдеуінің түбірлері $x_1 = -2, x_2 = 3$. Сонымен, берілген теңдеудің түбірлері

$$x_1 = -1, x_2 = 1, x_3 = -2, x_4 = 3.$$

Қарастырып отырған α саны көпмүшенің түбірі болатындығын тексеру үшін Горнер кестесін қолданған ыңғайлы. Мысалы, жоғарыдағы есепті төмендегідей тексеруге болар еді:

	1	-1	-7	1	6	
1	1	0	-7	-6	0	$\alpha = 1$ түбірі болады
-1	1	-1	-6	0		$\alpha = -1$ түбірі болады
2	1	1	$-4 \neq 0$			$\alpha = 2$ түбірі болмайды
-2	1	-3	0			$\alpha = -2$ түбірі болады
3	1	0				$\alpha = 3$ түбірі болады
-3	1	-4	5	-14	$48 \neq 0$	$\alpha = -3$ түбірі болмайды
6	1	5	23	138	$\neq 0$	$\alpha = 6$ түбірі болмайды
-6	1	-7	35	-209	$\neq 0$	$\alpha = -6$ түбірі болмайды

Горнер кестесін толтырудың еш қиыншылығы жоқ, сондықтан оқушыларға оны қолданып есеп шығаруға үйретуге болады.

Кез келген сандар өрісіндегі

$$y^4 + ay^3 + by^2 + cy + d = 0 \tag{1}$$

теңдеуі берілсін. Бұл теңдеудің алгебралық шешімі 1545 ж. жарық көрген Карданоның кітабында келтірілген және оны тапқан Луиджи Феррари, сондықтан теңдеуді шешу тәсілі - Феррари тәсілі деп аталады.

$y = x - \frac{a}{4}$ ауыстыруын пайдаланып, берілген теңдеуді келесі түрге келтіреміз:

$$x^4 + px^2 + qx + r = 0, \quad (2)$$

мұндағы

$$p = b - \frac{3}{8}a^2, \quad q = \frac{a^2}{8} - \frac{ab}{2} + c, \quad r = \frac{a^4}{64} + \frac{a^2b}{16} + d.$$

(2) теңдеуді түрлендіру арқылы

$$x^4 + px^2 + qx + r = \left(x^2 + \frac{p}{2} + \alpha\right)^2 + qx + r - \frac{p^2}{4} - \alpha^2 - 2\alpha x^2 - p\alpha$$

немесе

$$\left(x^2 + \frac{p}{2} + \alpha\right)^2 - [2\alpha x^2 - qx + (\alpha^2 + p\alpha - r + \frac{p^2}{4})] = 0 \quad (3)$$

түріне келтіреміз. Енді α -ны (3) теңдеудің құрамындағы квадрат жақшаның ішіндегі өрнек толық квадрат болтындай таңдаймыз. Ол үшін

$$q^2 - 4 \cdot 2\alpha(\alpha^2 + p\alpha - r + \frac{p^2}{4}) = 0 \quad (4)$$

болуы тиіс. (4) теңдеу α -ға қатысты үшінші дәрежелі теңдеу, белгілі әдістердің біреуінің көмегімен оның бір түбірін α_0 тапсақ жеткілікті. Бұл жағдайда

$$2\alpha x^2 - qx + (\alpha^2 + p\alpha - r + \frac{p^2}{4}) = 0 \quad \text{теңдеудің}$$

$\frac{q}{4\alpha_0}$ екі еселі түбірі болады. Сондықтан, (3) теңдеу

$$\left(x^2 + \frac{p}{2} + \alpha_0\right)^2 - 2\alpha_0\left(x - \frac{q}{4\alpha_0}\right)^2 = 0$$

түріне келеді. Бұл соңғы теңдеу келесі екі квадрат теңдеулерге мәнделес:

$$x^2 - \sqrt{2\alpha_0}x + \left(\frac{p}{2} + \alpha_0 + \frac{q}{2}\sqrt{2\alpha_0}\right) = 0, \quad x^2 - \sqrt{2\alpha_0}x + \left(\frac{p}{2} + \alpha_0 - \frac{q}{2}\sqrt{2\alpha_0}\right) = 0$$

Мысал 4. Теңдеуді шешіндер: $x^4 + 2x^3 + x^2 - 1 = 0$.

Теңдеуді төмендегі түрде көшіреміз:

$$x^4 + 2x^3 + x^2 = 1$$

$$(x^2 + x + \alpha)^2 = x^4 + 2x^3 + x^2 + 2x^2\alpha + 2x\alpha + \alpha^2$$

$$(x^2 + x + \alpha)^2 - 2x^2\alpha - 2x\alpha - \alpha^2 - 1 = 0$$

$$(x^2 + x + \alpha)^2 - [2x^2\alpha + 2x\alpha + (\alpha^2 + 1)] = 0.$$

Бұл теңдеу үшін (4) теңдіктің түрі:

$$4\alpha^2 - 4 \cdot 2 \cdot \alpha(\alpha^2 - 1) = 0, \text{ немесе } -8\alpha^3 + 4\alpha^2 - 8\alpha = 0, -4\alpha(2\alpha^2 - \alpha + 2) = 0$$

Бізге $\alpha_0 = 0$ түбірін тапсақ жеткілікті. Сонда,

$(x^2 + x)^2 = 1$ аламыз. Ал бұл теңдеу келесі екі квадрат теңдеулерге мәнделес:

$$x^2 + x - 1 = 0 \text{ және } x^2 + x + 1 = 0$$

Олардың түбірлері:

$$x_{1,2} = \frac{-1 \pm \sqrt{5}}{2}; \quad x_{3,4} = \frac{-1 \pm i\sqrt{3}}{2}.$$

Мысал 5. Теңдеуді шешіндер $x^4 - 2x^3 + 4x^2 + 2x - 5 = 0$

Теңдеуді төмендегі түрде көшіреміз:

$$x^4 - 2x^3 + x^2 = -3x^2 - 2x + 5$$

$$(x^2 - x)^2 = -3x^2 - 2x + 5$$

$$(x^2 - x + \alpha)^2 = -3x^2 - 2x + 5 + 2x^2\alpha - 2x\alpha + \alpha^2$$

$$(x^2 - x + \alpha)^2 = (-3 + 2\alpha)^2 - 2(1 + \alpha)x + 5 + \alpha^2$$

Бұл теңдеу үшін (4) теңдіктің түрі:

$$4(1 + \alpha)^2 - 4(-3 + 2\alpha)(5 + \alpha^2) = 0$$

$$4 + 8\alpha + 4\alpha^2 - 4(-15 - 3\alpha^2 + 10\alpha + 2\alpha^3) = 0$$

$$4 + 8\alpha + 4\alpha^2 + 60 + 12\alpha^2 - 40\alpha - 8\alpha^3 = 0$$

$$8\alpha^3 - 16\alpha^2 + 32\alpha - 64 = 0$$

$$\alpha^3 - 2\alpha^2 + 4\alpha - 8 = 0$$

Бізге $\alpha_0 = 2$ түбірін тапсақ жеткілікті. Сонда,

$$(x^2 - x + 2)^2 = x^2 - 6x + 9$$

$$(x^2 - x + 2)^2 = (x - 3)^2$$

болады, ал бұдан

$$[(x^2 - x + 2) - (x - 3)] \cdot [(x^2 - x + 2) + (x - 3)] = 0$$

шығады, немесе $(x^2 - 2x + 5) \cdot (x^2 - 1) = 0$.

Ал бұл теңдеу келесі екі квадрат теңдеулерге мәнделес:

$$(x^2 - 2x + 5) = 0 \quad \text{және} \quad (x^2 - 1) = 0$$

Олардың түбірлері:

$$x_{1,2} = \pm 1; \quad x_{3,4} = 1 \pm 2i.$$

Кез келген сандар өрісіндегі

$$y^4 + ay^3 + by^2 + cy + d = 0 \tag{5}$$

теңдеу берілсін. $y = x - \frac{a}{4}$ ауыстыруын пайдаланып, берілген теңдеуді келесі

«ТОЛЫМСЫЗ» түрге келтіреміз:

$$x^4 + px^2 + qx + r = 0, \tag{6}$$

теңдеудегі p, q, r коэффициенттері – комплексті. Бұл төртінші дәрежелі

«ТОЛЫМСЫЗ» теңдеудің x_1, x_2, x_3, x_4 түбірлері болсын.

Виет теоремасы бойынша:

$$x_1 + x_2 + x_3 + x_4 = 0,$$

$$x_1x_2 + x_1x_3 + x_1x_4 + x_2x_3 + x_2x_4 + x_3x_4 = p, \tag{7}$$

$$x_1x_2x_3 + x_1x_4x_2 + x_2x_4x_3 + x_1x_3x_4 = -q,$$

$$x_1x_2x_3x_4 = r.$$

Бізге $x_1x_2 + x_3x_4$, $x_1x_3 + x_2x_4$ және $x_1x_4 + x_2x_3$ сандары

$$x^3 - px^2 - 4rx + (4pr - q^2) = 0 \tag{8}$$

кубтық теңдеуінің түбірлері болатыны белгілі. Бұл жерде

$$x_1x_2 + x_3x_4 =$$

$$\frac{1}{4}(x_1 + x_2 - x_3 - x_4)^2 - \frac{1}{4}(x_1 + x_2 + x_3 + x_4)^2 + (x_1x_2 + x_1x_3 + x_1x_4 + x_2x_3 + x_2x_4 + x_3x_4) =$$

$$= \frac{1}{4}(x_1 + x_2 - x_3 - x_4)^2 + p$$

Тура осылай

$$x_1x_3 + x_2x_4 = \frac{1}{4}(x_1 - x_2 + x_3 - x_4)^2 + p,$$

$$x_1x_4 + x_2x_3 = \frac{1}{4}(x_1 - x_2 - x_3 + x_4)^2 + p$$

болады. Сондықтан, (8) теңдеуде $x = z + p$ ауыстыруын пайдалансақ,

$$z^3 + 2pz^2 + (p^2 - 4r)z - q^2 = 0 \quad (9)$$

теңдеуінің түбірлері төмендегідей болады:

$$z_1 = \frac{1}{4}(x_1 + x_2 - x_3 - x_4)^2$$

$$z_2 = \frac{1}{4}(x_1 - x_2 + x_3 - x_4)^2 \quad (10)$$

$$z_3 = \frac{1}{4}(x_1 - x_2 - x_3 + x_4)^2.$$

(10) теңдеуді (8)-ші теңдеудің кубтық резольвентасы деп атайды. Оның

z_1, z_2, z_3 түбірлерінің нумерациясы аса маңызды емес, себебі

$$(x_1 + x_2 - x_3 - x_4), (x_1 - x_2 + x_3 - x_4) \text{ және } (x_1 - x_2 - x_3 + x_4)$$

өрнектерін кез келген тәсілмен ауыстыруға болады. (10) формулаларынан

$$\frac{1}{2}(x_1 + x_2 - x_3 - x_4) = u_1$$

$$\frac{1}{2}(x_1 - x_2 + x_3 - x_4) = u_2$$

(11)

$$\frac{1}{2}(x_1 - x_2 - x_3 + x_4) = u_3$$

аламыз, мұнда u_1, u_2, u_3 - z_1, z_2, z_3 -дің квадрат түбірлері. Квадрат түбірдің екі мәні болатындықтан, (11) формулалары үшін қайсысын алатымызды айқындау қажет.

(6) формулаларды ескере отырып, (5) теңдеудің түбірлері үшін

$$(x_1 + x_2 - x_3 - x_4) \cdot (x_1 - x_2 + x_3 - x_4) \cdot (x_1 - x_2 - x_3 + x_4) = -8q$$

болатынын көреміз, ал бұдан

$$u_1 \cdot u_2 \cdot u_3 = -q \quad (12)$$

шығады. Бұл шарт z_1, z_2, z_3 -дан алынған квадрат түбірлер мәндерінің сегіз вариантынан төртеуін қалдырады. (11) теңдіктерді және $x_1 + x_2 + x_3 + x_4 = 0$ теңдігін қосу арқылы

$$x_1 = \frac{1}{2}(u_1 + u_2 + u_3)$$

табамыз. Тура осылай

$$x_2 = \frac{1}{2}(u_1 - u_2 - u_3)$$

$$x_3 = \frac{1}{2}(-u_1 + u_2 - u_3)$$

$$x_4 = \frac{1}{2}(-u_1 - u_2 + u_3)$$

Бұл формулаларды төмендегідей біріктіруге болады:

$$x = \frac{1}{2}(\sqrt{z_1} + \sqrt{z_2} + \sqrt{z_3}) \quad (13)$$

Бұл формуланы квадрат түбірлердің мәндерін әртүрлі тәсілмен таңдауға болады, тек көбейтіндісі (12) шартты қанағаттандыру қажет деп түсінеді. (13) формулаларға (1)-ші теңдеудің Кардано формулаларының көмегімен табылған түбірлерінің мәндерін қойып, (6) теңдеудің түбірлерін оның коэффициенттері арқылы өрнектейтін айқын формула алуға болады, бірақ оның түрі рабайсыз үлкен, сондықтан оны жазып жатудың мағынасы жоқ.

Кейбір жоғары дәрежелі алгебралық теңдеулерді шешу стандартты емес тәсілді қажет етеді. Мұндай теңдеулердің шешімдерін іздеу оқушылардың шығармашылық ойлауы мен жеке даралығын дамытуға ықпал етеді.

Сонымен, оқушыларды жоғары дәрежелі теңдеулерді құру, оларды әртүрлі әдістермен шешу сияқты есептерін шешуді үйретуге келесі әдістемелік нұсқауларды ұсынуға болады:

- Теңдеулерді оқыту үдерісінде логикалық құралдардың маңызы зор, әсіресе пара парлық (равносильность) ұғымы. Пара парлық ұғымын қалыптастырудың және оны қолданудың өзіндік ерекшелігі бар және ол бірнеше сатымен енгізіледі. Бірінші сатысы – математиканың бастауыш курсы және алгебраның басы. Бұл жерде көпмүшелердің, теңдеулердің ең қарапайым түрлерін шешудің жолдары қарастырылады. Екінші сатысында пара пар ұғымының теориялық мазмұнымен оны түрлендіру ережелерін салыстыру жүргізіледі. Үшінші сатысында жалпы пара пар ұғымының негізінде теңдеулердің жалпы теориясы ашылады. Бұл жоғарғы сыныптарда «Алгебра және анализ бастамаларын» өткен кезде байқалады;

- Теңдеулерді, көпмүшелерді, шешу үдерісінде логикалық салдар ұғымы да қолданылады, оны пара парлық ұғымынан кейін енгізеді және ол оның толықтауышы болады. Логикалық салдар ұғымын пара пар түрлендіруі табылмаған жағдайда қолданады;

- Көпмүшелерге амалдарды, әсіресе көпмүшені көпмүшеге «бұрышпен бөлуді», Горнер схемасын меңгеру;

